

Батыс Қазақстан облыстық әкімдігі
білім басқармасының Орал қалалық
білім беру белемінің
№35 «Шұғыла» МКҚК бөбекжайы

Бекітемін:
Менгеруші м.а. Жаденова Ж.Ж.



Келісемін:
Әдіскер: Калдышева Н. З

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде музика пәні бойынша 2023- 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс- әрекеттің перспективалық жоспары

«Балдырған» ересек топ

Музыка жетекшісі: Бурмуханбетова А.Н

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы негізінде музика пәні бойынша 2023- 2024 оку жылына арналған ұйымдастырылған іс- әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйімді №35 «Шұғыла» бөбекжайы

Тобы: «Балдырган»

Балалардың жасы: 4

Жоспардың күрүлу кезеңі: қыркүйек

Ұйымдастырылған іс – әрекет: Музика

Айы	Ұйымдастырылған іс – әрекеттің міндеттері
қыркүйек	<p>Музика тыңдау.</p> <p>Әр түрлі сипаттағы, қарқынды музиканы қабылдау дағдыларын қалыптастыру; иллюстрациялар мен қимылдарды көрсетумен бірге музикалық және көрнекі бейненің, әндердің арақатынасын қалыптастыру;</p> <p>Ән айту.</p> <p>Әр түрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенде дәл интонациялау, сөздерді анық айтуда; әннің сипатын түсіну, оның көніл-күйін жеткізу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музикалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Би қимылдарын, музикалық ойын әрекеттерін орындау дағдыларын қалыптастыру; марш сипатын ырғақты жүрүмен, музиканың жылжымалы сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру;</p> <p>Би.</p> <p>Әуенниң көнілді би сипатын қабылдауға, музикалық кіріспені ажыратада білуге, одан кейін қозғалысты бастауға, музиканың сипатына сәйкес қозғалысты езгертуге үйрету.</p> <p>Ойындар, дәңгеленинг билеу.</p> <p>Ән мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көнілді және еркін орындағанда білуге, шенбер бойымен хоровод жүргізуге, музикалық фразаларға сәйкес қозғалысты езгертуге үйрету.</p> <p>Балалар музикалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Фортепианоның сүйемелдеуімен балалар музикалық аспаптарында ересектердің орындаудында би әуенін тыңдау дағдыларын қалыптастыру.</p>
Казан	<p>Музика тыңдау.</p> <p>Әуендерді немесе музикалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атап қабілеттерін қалыптастыру</p> <p>Ән айту.</p> <p>дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айтуда арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсетуге үйрету;</p> <p>Музикалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музиканың қимылдық сипатын- жеңіл, ырғақты жүгірумен үйрету</p> <p>Билер.</p> <p>Музиканың көнілді би сипатын қабылдауға үйрету, музиканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музиканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтауға дағдыләндіру.</p> <p>Балалардың музикалық аспаптарында ойнауы.</p> <p>әуенниң сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтың бейнені орындауда, сылдырмақтармен ойнау қабілеттерін қалыптастыру</p>
Қараша	<p>Музика тыңдау.</p> <p>пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі және музикалық бейнелерінің арақатынасын тану және атап, тыңдауды иллюстрация арқылы үйрету</p> <p>Ән айту.</p> <p>ән сипатын ұғыну, әннің көніл күйін береділік білуде;</p>

	<p>Музыкалық-ыргактық қимылдар. Дағдыларды қалыптастыру: жүрелеп отыруды ырғакты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші болғандегі қимылды өзгерту</p> <p>Билер. Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізуге үйрету.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. әуенниң сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғактық бейнені орындалап музыканың тактісімен алақандарды соғу қабілеттерін қалыптастыру.</p>
Желтоқсан	<p>Музыка тыңдау. халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдауға дағдыландыру</p> <p>Ән айту. хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ыргактық қимылдар. музыканың ыргағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен еркін және женіл секіру.</p> <p>Билер. музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұруға үйрету.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. әуенниң сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғактық бейнені орындалап, түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау қабілеттерін қалыптастыру.</p>
Қантар	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, шығарманың бөлімдерін ажыратада, музыканың сипатын анықтау, өз әсері туралы әнгімеледеу;</p> <p>Ән айту. Жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды дыбыстаудың бірдей күшімен ән айтуды жетілдіру.</p> <p>Музыкалық-ыргактық қимылдар Би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындауға тәрбиелеу.</p> <p>Билер. Музыканың биге тән сипатын қабылдау; женіл қозғалу, ырғакты, қозғалу; жүппен би қимылдарын орындау; биде ойындық музыкалық қимылдарды қолдану;</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен, қарапайым әуендерді ойнау</p>
Ақпан	<p>Музыка тыңдау. Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу;</p> <p>Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді орындау, дауыспен секіріс үлгісіндегі және төмендеуши әуен қарқынын бере білу</p> <p>Музыкалық-ыргактық қимылдар Музыкалық бейне мен қозғалыс тәжірибесін сәйкестендіру жаттыгулары; қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, аяқты жоғары көтеріп жүгіру;</p>

	<p>Билер. Би қозғалыстарының, ойындар мен хор атауларын білу. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шенбер бойымен хор айтып жүру, қозғалысты озгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау</p>
Наурыз	<p>Музыка тыңдау. Тыңдауды кимыл корсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мән кимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау</p> <p>Ән айту. Күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту, музыкалық шығармадан кейін ән айту фразалар арасындағы тыныс алу.</p> <p>Музыкалық-ыргактық қимылдар Музыкалық аспаптарда қарапайым ыргакты суретті өздігінен орындау; шұлы оркестрге қатысу; балалар музыкалық аспаптарын тану және атаяу.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атаяу.</p>
Сәуір	<p>Музыка тыңдау. Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Ән айту. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенде дұрыс бере білу, сонын мұжият әндептің айту</p> <p>Музыкалық-ыргактық қимылдар Таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ыргағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру</p> <p>Билер. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажыратса білу, қол орамалды баяу бұлғау, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүру, көңілді билеу;</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажыратса білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p>
Мамыр	<p>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сактайты (музыкалық шығармаларды аландамай сонына дейін тыңдайды), таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны турали айтады, тыңдалған музықадан алған әсерлерімен беліседі; қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды;</p> <p>Ән айту. Әнді мәнерлеп, созып, қимылдармен үйлестіріп (ре-си бірінші октава шегінде) айтады, қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі, әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды, әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайты;</p> <p>Музыкалық-ыргактық қимылдар Әндердің қозғалыстық, көңілді сипатын қабылдау; мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.</p> <p>Билер. Балалар музыкалық аспаптарында ойнай білу, әртүрлі музыкалық және шұлы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау;</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Музыка жанрларын анықтайты, ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнайды.</p>

Нөмірлентен және тігілген 1
бастил 2 дейін бет. Мүнізі 08.08.2023
Беттер саны 4
№35 «Шұғыла» МҚКК бобеккесі
менгеруші ма Назар Жаденсөн

